



Облыс атауы: Астана қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Соты (Кассациялық саты)

Жіберуші: С Ы Р Л Ы Б А Е В А Н У А Р
БАҚЫТҰЛЫ

ХАТ

АЛҒЫС ХАТ!

Мен, Сырлыбаев Ануар Бақытұлы! Маңғыстау облысының заң консультанттары палатасының мүшесі,
Заң консультантымын.


Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық сотында талап қоюшы Абилжанова Рая Амангелдиевнаның жауапкерлер Чуkenov Акан Дихановичті, Кыздарбаев Серик Кыздарбаевичті, Сарыева Роза Кабулбековнаны, Тулемисова Сулушаш Менливалиевнаны, Оразбаев Абай Торткулбаевичті, Тыныштыков Абидулланы, Нурумханова Алмажай Сериковнаны, үшінші тұлғалар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалы – тіркеу және жер кадастры бойынша Жаңаөзен қалалық бөлімін, Маңғыстау облысының аумақтық нотариаттық палатасының нотариусы Адилова Айжан Джоламановнаны, Маңғыстау облысының аумақтық нотариаттық палатасының нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевнаны, Маңғыстау аумақтық нотариалдық округі Бейнеу ауданы жекеше нотариусы Мұқанқызы Ардақты, «Жаңаөзен қалалық тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесін, «Жаңаөзен қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қорғаншы және қамқоршы органын, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамын және «Каспий банк» акционерлік қоғамын көрсетіп, Жаңаөзен қаласы, «Рауан» шағын ауданы, 3 үйінің 2 (екі) бөлмеден тұратын №36 пәтеріне қатысты 2021 жылғы 03 мамырдағы, 2021 жылғы 29 қазандағы және 2022 жылғы 05 наурыздағы пәтерді сату-сатып алу шарттарын жалған және жарамсыз деп тану туралы азаматтық ісі қаралған болатын.

Жаңаөзен қалалық сотының судьясы Махамбетова Сұлушаш Сәбитбекқызының әділ шешімімен балалар өздерінің үйлерінде, жылы ұяларында қалды. Даулы іс бойынша 27.10.2022 жылы әділ шешім оқылды. Өткен жолы (осы даулы іс аяқталуға жақындаған тұста) Жаңаөзен қалалық сотының судьясы С.С.Махамбетованың денсаулығы сыр беріп, екі рет жедел жәрдем келгенін көрдім.

Денсаулығы сыр беріп, қатты науқастанып жатса да, жұмысқа кірісіп, аяқталмай қалған істерін соңына жеткізді. Ерлік, еңбексүйгіштік, өз істеріне берілгендік, кәсіби шеберлік, әділдік пен адамгершілік деген осы деп білемін.

Балалардың қуанышында шек жоқ. Балалардың анасы, яғни, талап қоюшы Абилжанова Рая Амангелдиевна балаларының алғысын қағаз бетіне түсіріп маған ұсынды. Мен де өзімнің тарапымнан

СЫРЛЫБАЕВ АНУАР БАҚЫТҰЛЫ қол қойды





Жаңаөзен қалалық сотының судьясы СҰЛУШАШ СӘБИТБЕКҚЫЗЫ МАХАМБЕТОВАҒА және сот отырысының хатшысы АЙНҰР БЕКМҰРАТҚЫЗЫ САРЫЕВАҒА өзімнің алғысымды білдіремін. Соттың жұмысын жандандырып еселі еңбек етіп жүрген жігерлі де жауапты азаматтарымыз көп болсын. Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектестік білдіремін.

Құрметпен,

Заң консультанты А.Б. Сырлыбаев

Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. АЛҒЫС.docx

СЫРЛЫБАЕВ АНУАР БАКЫТҰЛЫ қол қойды

